

2024-2025 оқу жылына «Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы»

КММ

«Аққу бөбекжай» КМҚК-ның бірлескен жұмысы туралы келісім шарт

Біз төменде қол қойған «Аққу бөбекжай» КМҚК-ның директорының м.а. Сағындыкова А.С. бірінші жақтан және Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының директоры Саттаров Т.К. екінші жақтан, екі жақтың қарым-қатынасы туралы келісім шарт жасадық.

1. КЕЛІСІМ ШАРТ.

1. Берілген келісім шарт МДҰ мен мектептің ұйымдастырылған және білім берілетін бірлескен әрекеттерінің, құқығы мен міндеттерін екі жақ міндетті түрде орындалуын қадағалайды.
2. Екі жақ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы, мектептің және МДҰ туралы үлгі ережесі негізінде әрекет жасайды.
3. Бірлескен екі жақтың әрекетінің мақсаты, балалардың мектепке тез икемделуі, балаларға өзекті білім беру және тәрбиелеу, денсаулықтарын бекіту және сақтау болып табылады; олардың интеллектуалды, дене бітімінің және жеке дамуын қамтамасыз ету.

2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.

1. МДҰ міндетті:

1.1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы талаптарына сәйкес білім беру әрекетін бір және бірнеше бағыт бойынша балалардың дамуын қамтамасыз ету (қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, сауат ашу негіздері, дене шынықтыру және сұлулыққа тәрбиелеу).

1.2. Балалардың денсаулығын бекіту және сақтауды қамтамасыз ету; денсаулыққа байланысты топтың өзгерісін белгілеу, себебін анықтау.

1.3. Балалардың мектепте білім алуы үшін психологиялық--педагогикалық жағымды жағдай жасауын қамтамасыз ету.

2. Мектеп міндетті:

2.1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы талаптарына сай білім беру әрекетін қамтамасыз ету;

2.2. Балалардың денсаулығын сақтауын қамтамасыз ету, денсаулыққа байланысты топтың өзгерісін белгілеу, себебін анықтау.

2.3. Балалардың мектепке тез бейімделу үшін психологиялық-педагогикалық жағымды жағдай жасауын қамтамасыз ету.

3. МДҰ құқылы:

3.1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы талаптарына сәйкес өз бетінше бағдарламаларды өңдеп, таңдауға құқылы; мектеп бағдарламаларын ескере отырып балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін қолдану.

3.2. Мектеп уәкілдеріне бірлескен іс-шараларды түзетуде, өзгерістер, толықтырулар бойынша ұсыныстар ұсыну.

3.3. Мектеп мұғалімдерінің шығармашыл топтың жұмыстарына қатысу.

3.4. Мектептің педагогикалық кеңес жұмыстарына қатысу.

3.5. Мектеп педагогтарына кеңестік көмек көрсету.

4. Мектеп құқылы:

4.1. Өз бетінше ҚР Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес бағдарламаларды таңдау, өңдеу және бекіту; МДҰ бағдарламаларын ескере отырып балаларды оқыту әдістемесін қолдану;

4.2. Бірлесіп өндірілген іс-шараларға толықтырулар, өзгерістер бойынша МДҰ уәкілдеріне ұсыныстар ұсыну.

4.3. МДҰ тәрбиешілері әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстарына қатысу.

4.4. МДҰ-ның педагогикалық кеңесіне қатысу.

4.5. МДҰ педагогтарына, ата-аналарына кеңестік көмек көрсету.

3. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ

1. Келісім шарт екі жақ қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімі ұзартылады, екі жақтың келісімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

2. Келісім шартқа енгізілген өзгертулер, толықтырулар құжатқа қосымша ретінде бекітіледі.

3. Келісім шартты ұзарту, бұзу туралы шешімді екі жақ келісім шарт мерзімінің бітуіне 3 ай қалғанда бір-бірін хабардар етуге міндетті.

4. Келісім шарттың уақыт мерзімі 02.09.2024 - 01.08.2025 жыл аралығында.

5. Келісім шарт екі дана болып құрылады: әрбір жақ үшін бір-бір данадан, екі данада бірдей заңгерлік күшке ие.

4. ЕКІ ЖАҚ РЕКВИЗИТТЕРІ:

«Аққу бөбекжай» КМҚК
Мекен-жайы: Қарағанды облысы
Абай ауданы, Абай қаласы,
Шағын ауданы 3, құрылыс 42
Телефон: 8(72131)4-79-77

«Абай Құнанбаев атындағы №5
мектеп-гимназия» КММ
Мекен-жайы: Қарағанды облысы
Абай ауданы, Абай қаласы
С.Сейфуллин 45 құрылыс
Телефон: 8(72131) 4-09-82

Қолы

Мөр



Қолы

Мөр

